

Циклограмма
Қошақан ортаңғы топ
Бір аптаға
09-13 мамыр

Өтпелі тақырып:эрқашан күн сөнбесін

Бекітемін:  Аманшеева. А.А

Тәрбиеші Елеусинова.А.Ә

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесіу Ойындар. (үстел үсті, саусақ және т.б) Танертенгі гимнастика (5 мин).	Тәрбиешінің балалармен қарым қатынасы: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Д/О:неге?не үшін? Мақсаты: Өз ойларын дұрыс, анық жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру.Сөздік қорын дамыту.	Д/О«Төлін тап» Балалар үй жануарларының төлдерін тауып, казакша аттарын атау керек. Үй жануарлары бізге не береді	д/о:жалпы атауын ата Мақсаты: балаларға заттарды жеке-жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешу арқылы тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.	Д/О«Нені қайдан алуға болады?» Тәрбиеші үстелдің үстіне нанның, киімнің, ыдыстың, сүт,ет тағамдарының суреттерін қояды.Бұл суреттер «Дүкенді» бейнелейді.	Д/О:Сөйлемді жалғастыр Мақсаты : Балаларды берілген тапсырманы мұқият тыңдап орындауға, сөйлемді жалғастыра білуге, сөйлемнің неше сөзден құралғанын айтуға үйретіп, тапқырлыққа баулу
Жаттығулар кешені					
Ойындар	Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар және бірқалыпты қимылды ойындар				

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі</p>	<p>Сурет Достық шарлары Мақсаты: 1 мамыр халықтар достығы мерекесі туралы түсіндіру. Ақыл – ойын, ұсақ қол қимылдарын байқағыштығын дамыту. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. «Достар алаңы» ойыны.</p> <p>Мақсаты: Гүлдердің түстеріне сәйкес достар алаңына жиналуға үйрету.</p> <p>Музыка Ән тыңдау «Біз мектепке барамыз» А. Меңжанова Ән айту «Балабақша» әні Д.Байтлеуов сөзі М.Балмолда Әуенді-ырғақты қимыл «Қосарланып билеу»</p>	<p>Көркем әдебиет Қароапайым математика Дене шынықтыру</p>	<p>Сикырлы сурет Тақырыбы: жайлау Мақсаты: Балаларға воск (майлы қарандашпен) сурет салу шеберліктерін дамытуды жалғастыру. Ауа райы құбылыстары туралы мәлімет беру</p> <p>Қоршаған орта Ел қорғауға әзірміз Мақсаты: Еліміздің әскері, батыр, ел қорғайтын, ержүрек жауынгерлер, танкішілер, ұшқыштар, теңізшілер туралы түсінік беру. Өзіне өз күшіне сенімін нығайтып, өзіне құрметі мен дербестігін дамыту. Патриоттық сезімге тәрбиелеу. «Кімге не керек?» ойыны Мақсаты: танкішіге танкі, ұшқышқа ұшақ, теңізшіге кеме т.б. суреттерді топтастыруға үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру «Әкем, анам және мен – біз</p>	<p>Жаратылыстану музыка</p>	<p>Аппликация «Ұшақтар самғайды» Мақсаты: көлік туралы түсініктерін кеңейту, қайшымен жұмыс істеудегі қауіпсіздік техникасын естеріне салу, тиянақтылыққа, ұқыптылыққа, дербестікке тәрбиелеу. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу. «Ұшақ» ойыны Мақсаты: Әуенге балалар ұшақтың қимыл-қозғалыстарын келтіруге, ұшақты оталдыруға, топты айналып ұшуға үйрету</p>
---	--	--	---	---------------------------------	---

	<p>Мақсаты: ән арқылы қуана білуге, музыканың сипатына сай қимылдарды ауыстыруға үйрету, әнді көңілді, ынталы жеткізуге баулу, музыкалық қабілеттерін жетілдіру.</p> <p>Әуенді сағат» ойыны Шарты: таныс әуендерді тыңдап, сәйкес суретті көрсетеді Сөйлем дамыту Серуенде...</p> <p>Мақсаты: Еңбек туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Өз тәжірибиесін әңгімелей білу қабілеттерін дамыту (Сурет мазмұнын зерттеу бойынша), баланың зейінін дамыту.</p> <p>Тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>«Не үшін керек?» ойыны</p>		<p>спорттық отбасымыз» атты спорттық іс-шара</p> <p>Мақсаты: Өз күшіне сенімділік сезімін дамыту. Моральдық, ерік, жегерлік қасиеттерін дамыту. Ойын ережесін білу және ойын барысында өзін-өзі басқара білуге үйрету.</p> <p>«Мерген» ойыны.</p> <p>Мақсаты: тігінен қойылған нысанаға допты лақтыруға үйрету.</p>		<p>Дене шынықтыру Жекпе-жектер (спорттық алаңда өткізіледі)</p> <p>Мақсаты: Жекпе-жек шарттарын түсіндіру. Балалардың ептіліктер мен тапқырлықтарын дамыту. Балаларды қозғалу дағдыларын дамыту.</p> <p>«Күш сынасу» ойыны.</p> <p>Шарты: Балалар екі адымнан шеңбер ішінде тұрады. Ысқырық бойынша бір-бірін шеңберден итеріп шығаруға тырысады.</p> <p>Ұлтық ойын Аударыспақ ойыны:</p> <p>Мақсаты: Балалар аттың үстінде болып, бір-бірін аударып тастау</p>
--	---	--	--	--	--

	Мақсаты: құрал-саймандар атауларын бекіту, тілдерін ойлау қабілетін дамыту				
Серуен:	<p>Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру</p> <p>Бұлтты бақылау</p> <p>Мақсаты: Балаларға бұлттың неге ұқсайтынын қай бағытқа көшіп жатқанын бақылатып әңгімелеу.</p> <p>Еңбек: Учаскедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс : «Бұлт» Қ. Әлімқұлов</p> <p>Түрленді дала, бау- бақша</p> <p>Құлпыра қалды тау жақта</p> <p>Қара бұлтты жел қуып</p> <p>Жөкеп берді аулаққа</p> <p>Қимылды ойындар: «Ақ қоян», «Қысқы тіршілік»</p> <p>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері</p>				
Серуеннен оралу.	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі,				
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.